

**Шоныраев Шаймардан Рамазанович,  
директор областного центра детского  
технического творчества ЗКО, г. Уральск.**

**Қазіргі заман инновациялық қызметіндегі  
ғылыми-техникалық шығармашылық  
Құрметті әріптестер!**

Қазіргі кезде елімізде ғылым мен техника күннен күнге қарыштап даму үстінде. Ақпараттарға сүйенсек, кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы рөлі сол елдің техникалық даму деңгейімен анықталады екен. Елбасы да биылғы Жолдауында Қазақстанда инженерлік кадрлардың жетіспеуін және техникалық мамандықтарға көңіл болу керектігін айтқан болатын. Сондықтан, техникалық шығармашылықпен айналысатын мектептен тыс мекемелердің басты мақсаты мектеп оқушыларына мамандық алғанға дейінгі даярлық- бастапқы техникалық білім беру.

Бұл бағытта техникалық шығармашылық үйірмелерінің алатын орны зор, себебі олар оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, кәсіптік бейімділігін қалыптастыруға, салауатты өмір салты мен жалпы мәдени деңгейін көтеруге, оқушылардың бос уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Осы бағытта БҚО-ның педагогтарының жұмыс тәжірибелерімен бөліскім келіп тұр.

Қазіргі таңда, Облыстық балалар техникалық шығармашылық орталығы мен Бөкейорда аудандық техникалық шығармашылығы орталығында және облыс аудандарының, Орал қаласының мектептен тыс жұмыстар ұйымдарында, техникалық шығармашылық үйірмелеріне қатысушылар саны жылма-жыл көбейіп отыр. Қазіргі уақытта облыс бойынша барлық саны 122 техникалық үйірмелерге 3131 оқушы тартылып отыр.

Оны қалай тусіндіруге болады деген сұраққа, біріншіден бүгін балалармен жұмыс істеу тәсілдері өзгерді. Педагогтар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін пайдалана отырып үйірме жұмысының сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Орталықта оқушыларды ғылыми ізденіске баулу, олардың зерттеушілік қабілеттерін, іскерлік пен дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жігер» атты оқушылардың ғылыми қоғамы құрылды.

Орталықта оқушылар ғылыми-қоғамдық интеллектуалды ойындарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, рефераттар мен жобаларды қорғап, зерттеулер өткізуге мүмкіндіктері бар. Оған космостық зерттеулер мен конструкторлық, зерттеушілік және өнертапқыштық жұмыстар кіреді.

Өткен жылдың қазан айында Астанада өткен «ЭКСПО-2017 балалардың көзімен» атты ғылым мен техниканың Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумына 7 оқушы қатысқан болатын, солардың ішінен «Автоматика, телемеханика, радиотехника және интеллектуалдық жүйе»

номинациясы бойынша 2 орын, «Спорттық-техникалық модельдеу» номинациясы бойынша 3 орын иеленді.

Мектеп оқушыларының астрономияға қызығушылығын арттыру, космостық технология мен космостық білімді тәжірибеде қолдану мен зерттеу бойынша дарынды балаларды анықтау мақсатында өткен «Оқушылардың III-ші Республикалық Астрономиялық турниріне» Батыс Қазақстан облысы командасының құрамында қатысқан 5 оқушы командалық II дәрежелі дипломмен марапатталды және жас астрономдар мен ғарышкерлердің республикалық слеті аясында өткен «Астрономия мен ғарыштық физика» ғылыми жобалар конкурсынан оқушыларымыз 2 және 3 орындарды иеленді.

Ағымдағы жылдың сәуір айында Байқоңыр қаласында өткен ғарыштық зерттеулер халықаралық «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғылыми жарыс қортындысы бойынша үш бірінші, үш екінші, алты үшінші орын алып, барған 15 оқушының 12-сі жүлделі орын алды.

Сонымен қатар ғылыми-инновациялық үдерістерді одан әрі дамыту мақсатында «КазИИТУ» ғылыми-білім кешенімен бірлескен түрде жұмыстанудамыз. Біздің тәрбиеленушілеріміздің құрастырған ғарыштық модельдері жыл сайын, сәуірдің 12-де ҚР ғылым қызметкерлері және Космонавтика күні қарсаңында «КазИИТУ» базасында өтетін оқушылардың инновациялық жұмыстар көрмесінің төрінен тиісті орындарын алып жүр. «КазИИТУ»-дың сыртқы академиялық қарым-қатынастық бағдарламалары шеңберінде әріптес оқу орындары болып табылатын Ресейдің Самара, Саратов, Уфа, Волгоград, Орынбор және Мәскеу қалаларындағы экология, экономика және технология саласының жетекші оқу орындары ғалымдарының Оралға келген кездегі біздің оқушылардың көрмеге ұсынған дүниелері жөнінде жақсы пікірлер береді. Осының айғағы, биылғы жылы Халықаралық қоғамдық ғарыш саласын қолдау қорының Ғарыш қызметіне сінген еңбегі үшін медаліміз және «Ғарыш қызметін насихаттау және балалар техникалық шығармашылығын дамыту» үшін дипломмен марапатталуымыз.

Өз сөзімді аяқтай келе, айтқым келетіні техникалық шығармашылық орталықтар мен жас техниктер станцияларының білікті де білімді жастарды тәрбиелеуде алатын орны зор. Себебі бұл оқу ордаларында жас ұрпақтың техникалық ғылымға, өнертапқыштық және шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығын тудыру, шығармашылық инициативаны және белсенділікті дамыту іске асырылып отырады.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда біздің алдымызда өзінің өмірі мен өз отбасының әл-ауқаты үшін өзі жауап бере алатын кемел азамат тәрбиелеу, ғылыми-техникалық білім беру қызметінің қолжетімділігін арттыру, қосымша білім берудің интерактивті түрлерін жетілдіру секілді маңызды міндеттер тұр.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

**Шоныраев Шаймардан Рамазанович,  
директор областного центра детского  
технического творчества ЗКО, г. Уральск.**

**Научно-техническое творчество  
в современной инновационной деятельности**

**Дорогие коллеги!**

В настоящее время в нашей стране наука и техника развиваются день за днем. Опираясь на информационные источники можно сказать, что экономическая мощь, уровень жизни народа, роль во всемирной ассоциации любой страны определяется уровнем технического развития этой страны. Также Глава Государства в своем нынешнем Послании отметил о недостатке инженерных кадров и о необходимости обратить внимание на технические специальности. Поэтому основной задачей внешкольных организаций, занимающихся техническим творчеством, является обеспечение школьников допрофессиональным подготовительно- начальным техническим образованием.

В этом немаловажную роль играют кружки технического творчества, которые в определенной степени влияют на развитие творческих способностей учеников, на формирование их профессиональных способностей, на повышение уровня здорового образа жизни и культуры, на рациональное и содержательное использование свободного времени. ~~;-и-в~~

Хотел бы поделиться опытом работы педагогов нашей Западно-Казахстанской области в этом направлении.

Сегодня на базе Областного детского центра технического творчества и Центра технического творчества Бокейординского района, а также во внешкольных организациях области наметилась положительная тенденция участия детей в кружках технического творчества. В настоящее время в 122 технических кружках по области занимаются 3131 учащийся.

Чем это можно объяснить, спросите вы. **Во-первых**, сегодня кардинально изменились формы работы с детьми. Педагоги используют инновационные и интерактивные методы и стараются проводить кружки качественно и интересно.

**В целях привлечения учеников к научному поиску и для формирования их исследовательских способностей и навыков в нашем центре сформировано научное общество "Жігер".**

Здесь школьники являются активными участникам научно-общественных интеллектуальных игр, научно-практических конференций, имеют возможность проводить исследования, защищают свои рефераты и проекты. Это и космические исследования, и конструкторные, исследовательские и изобретательские работы.

В октябре прошлого года в Астане 7 наших учеников приняли участие в Международном научно-практическом форуме «ЭКСПО-2017 глазами

детей», и среди них в номинации «Автоматика, телемеханика, радиотехника и интеллектуальная система» заняли 2 место, в номинации «Спортивно-техническое моделирование» заняли 3 место.

В III Республиканском Астрономическом турнире, прошедшем в целях повышения интереса школьников к астрономии, определения одаренных детей по исследованию и использованию космической технологии и космических знаний в практике, 5 учеников участвовавших в составе команды Западно-Казахстанской области были награждены дипломом II степени. А также в конкурсе научных проектов «Астрономия и космическая физика», прошедшем в рамках республиканского слета молодых астрономов и космонавтов, наши учащиеся заняли 2 и 3 места.

В апреле месяце текущего года в городе Байконур прошло международное научное соревнование под названием "Открываем мир науки", где по итогам соревнования были завоеваны три первых, три вторых и шесть третьих мест, и 12 человек из поехавших 15-ти получили призовые места.

Хотел бы подчеркнуть важность нашего взаимодействия с научно-образовательным комплексом «КазИИТУ». Каждый год в предверии 12 апреля Дня научных сотрудников и Космонавтики космические модели наших воспитанников получают призовые места в выставке инновационных работ, устраиваемой на базе «КазИИТУ». Ученые в области экологии, экономики и технологии высших учебных заведений российских городов Самара, Саратов, Уфа, Волгоград, Оренбург и Москва, которые сотрудничают с «КазИИТУ», дают положительные отзывы о моделях наших ребят. И в доказательство этого можно привести в пример медаль "За заслуги перед космонавтикой" Международного фонда поддержки космической сферы и диплом «Пропаганда космической деятельности и развития детского технического творчества».

Завершая свое выступление, хочу сказать, что Центры технического творчества и станции юных техников занимают огромное место в воспитании образованного и квалифицированного молодого поколения, потому что именно в них формируется интерес молодого поколения к технической науке, творческой и изобретательной работе, воспитывается инициатива и активность детей.

**Дорогие коллеги!** Перед нами стоят очень важные задачи - воспитание граждан, способных взять на себя ответственность за свою жизнь и за благосостояние семьи, повышение доступности научно-технического образования, совершенствование интерактивных видов дополнительного образования.

Спасибо за внимание!